

Зейтінова М.

Студенттерге арналған сөзінен/ М. Зейтінова //Қарағанды университеті.-1995.- 20 наурыз.

...Мен сендердің үлкенді тыңдай берулеріңді, үлкенді сыйлай берулеріңді тілер едім. Жастықтың даурықпа даңғойлығы мол болады. Әйгілі бір композитор қартайған шағында: "Әуелде тек Мен ғана едім, сонан соң Мен және Моцарт болды, кейінірек Моцарт және Мен екенімді білдім, ал енді тек қана Моцарт екенін мойындаймын", - деп шындыққа жүгінген екен. Егер сол композитор Моцартты ертерек мойындаса, езіне де молырақ өнеге алар еді-ау деп ойлаймын. Демек, өз бойындағы мүмкіндікті асыра бағалаймын деп, кеуде қағып жүріп, адасуға, жел-буаз жеңілтектікке ұрынудан сақ болуларыңды қалар едім. Сондықтан да, біздер аға ұрпақ өкілдері сендердің сенімдеріңнің сергелдеңге түспеуін, құлшынған қуаттарыңның құмша сусымауын, жігерлеріңнің жүнжімеуін, дарындарыңның дарақылыққа ұрынбауын қорғаштаумен келеміз және қорғаштай береміз.

...Түскен оқуына үңіле қарап, табандылық көрсете алмай тайып тұратындар жігерсіздер мен жетесіздер ауылынан дер едім.

...Ішімдікпен өзін улап, өмірді дел-сал күйге түсетіндер нағыз жігерсіздер еді. Біздің кезімізде кежегесі кейін тартып, ішімдіктің уына беруге негіз жоқ. Ондайлар тек көргенсіздерден, тәрбиесіздерден, жетесіздерден ғана шығады.

...Біздер әлі жаспыз. Біздің университет қабырғаларында әлі өзінің атақты түлектерінің суреттері іліне қойған жоқ. Бірақ сендердің араларыңда да болашақ ғұламалар, атағы жер жарған азаматтар, Қарағанды Университетінің болашақ мақтаныштары отырғанына сенімім мол.

1982

23 наурызда академик, белгілі ғалым-химик, әдебиетші-публицист, техника ғылымдарының докторы, профессор Евней Арыстанұлы Бөкетов 70 жасқа толады.

Осы мерейтойға байланысты, сіздердің назарларыңызға кітапхана қорына жаңадан келіп түскен кітаптарға шолу жасап отырмыз.

Букетов Е. А. Светлое дело Чокана. Об академике Сатпаеве Караганда 1994, 144 с.

Бұл жинақта қазақ халқының ұлы ғалымдары Шоқан Уәлиханов пен Қаныш Сәтпаевтің рухани муралары туралы әңгімелейді. Бұл екі адам - Евней Арыстанұлының "жан ауруы" мен қуанышына айналған адамдар. Ғалымның уақытында шықпай, қолжазба түрінде жатып қалған, бұл еңбегі енді ғана қолымызға тиіп отыр.

Букетов Е. А. Нефть, уголь и вода в химии и энергетике Караганда 1994. 48 с.

Жинақта ғалым өзінің адамзатты болашақта энергоқорларымен қамтамасыз етуді тұрақтандыру мәселелеріне көңіл аударады. Бұл ғалымның жазған соңғы еңбегі көпшілік оқырмандарға арналған.

Салықов К. Евней Бөкетовке реквием. Алматы Ғылым, 1994 20 бет.

"Ауыр қаза

Қалың ел құлақ түрді.

Құлақ түрді... тым ауыр сұрақ кірді,

Елден бұрын егіліп, тұман айтты-ау

Құба талы Есілдің жылап тұрды, деп басталатын кітапша қазақтың көрнекті сыршыл ақыны Кәкімбек Салықовтың, жыр-дастаны ұлағатты ұстаз, аса дарынды ғалым, еліміздің рухани қазынасына үлкен үлес қосқан заңғайыр тұлға-академик Евней Арыстанұлына арналады.

Букетов К. Друг мой, брат мой. Воспоминания. Караганда, 1994, 118 стр.

Бұл естелік кітапты ғалымның тетелес інісі Қамзабай Арыстанұлы жазған. Кітап оқиғасы сонау 30 жылдардан болашақ ғалымның туып-өскен мешіт маңындағы ауылдан өрбиді. Әрі қарай Евней Арыстанұлының білімін қалай жетілдіргені, ғылым жолына түсу, республика ғылымың дамытуға орасан зор үлес қосқаны, сонымен қатар әдебиет саласында сіңірген еңбектері, ұлттар достығын жоғары бағалағаны суреттеледі.

Евней Арыстанұлы Бөкетов. Библиографиялық көрсеткіш. Караганда, 1992, 154 б.

Бұл библиографиялық көрсеткіш қазақ және орыс тілдерінде жасалған. Көрсеткіш ғалымның өмірі мен еңбегін сипаттайтын мәліметтер және оның ғылыми және әдеби еңбектері, ол туралы жазылған әдеби қалалар тізімдері енгізілген.

Көрсеткіш материалдары әр жылдың көлемінде әліпби және хронологиялық тәртіппен орналасқан. Бұл көрсеткіш университеттің 20 жылдығына арналған.

16 наурыз күні университет Бөкетов атындағы мұражаймен бірлесе отырып осы мерейтойға арнап: "Білімді өлсе, кітапта аты қалар, Шебер өлсе, істеген заты қалар", деген айдармен жоғарыда аталған кітаптардың тұсаукесерін өткізді.